

2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны


Шығарылған күні: 09.11.2023

Келесі шығарылым күні: 09.02.2024

1. Түйінді тұстар
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар


- 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте елге келгендер саны 19136 адам, елден кеткендер саны 12732 адамды құрады. Көші-қон сальдосы 6404 адамды құрады;
- 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Қазақстанға келгендер саны 74%-ға өсті, Қазақстаннан кеткендер саны 37,4%-ға азайды;
- Елдің негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен жүреді. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 88%, ал бұл елдерге кеткендердің үлесі 78,1% құрады.




Электрондық кестелер

2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі халықтың көші-қоны

Жеке этникалық топтар бойынша сыртқы көші-қонның құрылымы, жалпы санына пайызбен



Халықтың өңіраралық көші-қоны



Ел ішінде көшіп келушілер саны 26,0%-ға өсті. Өңіраралық көші-қон бойынша еліміздің 3 өңірінде: Астана (35755 адам), Алматы (28136 адам), Шымкент (1394 адам) қалаларында көші-қонының оң сальдосы қалыптасты.

2. Динамикалық кестелер

жылдар бойынша:

[Халықтың сыртқы көші-қоны](#)

[Елдер бойынша сыртқы көші-қон](#)

[Жалпы көші-қон айырымы](#)

айлар бойынша:

[Халықтың жалпы көші-қон өсімі](#)

[Халықтың сыртқы көші-қоны](#)

[Халықтың ішкі көші-қоны](#)

3. Глоссарий

Халықтың көші-қоны – тұрған жерін ауыстыруға байланысты қандайда болса өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) орын ауыстыруы;

Келгендер саны – есепті кезеңде сырттан осы өңірге көшіп келген адамдар саны;

Кеткендер саны – есепті кезеңде сыртқа осы өңірден көшіп кеткен адамдар саны;

Көші-қон айырымы – есепті кезеңде өңірге көшіп келгендер саны мен одан көшіп кеткендердің саны арасындағы айырмашылық.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Халықтың көші-қоны – тұрған жерін ауыстыруға байланысты қандайда болса өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) орынауыстыруы.

Республика өңірлеріне келгендер мен олардан кеткендер саны Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметі комитетінен келіп түсетін халықты тұрғылықты жері бойынша есепке алған кезде толтырылатын келгендер мен кеткендердің статистикалық есеп талондарын әзірлеу нәтижесінде анықталады:

Ағымдағы статистикалық есепте шартты түрде келгендер мен кеткендердің саны жазылады, алайда мұнда келу және кету сандары туралы айтылып отыр.

Көші-қонның негізгі көрсеткіштері:

келгендер саны (келу);

кеткендер саны (кету);

көші-қон өсімі (немесе кемуі), көші-қон сальдосы, таза көші-қон.

Көші-қон қарқындылығының көрсеткіштері белгілі бір кезеңдегі халықтың жиынтығында тұрғылықты жерінің өзгеру жағдайларының жиілігін сипаттайды. Көші-қон қарқындылығының жалпы жылдық коэффициенттері көбінесе 1000 тұрғынға шаққанда қолданылады.

5. Пайдалы сілтемелер

[Халықтың көші-қонының негігі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Халықтың көші-қоны, сапа туралы есеп](#)

[Халықтың көші-қоны, Талдау Ақпараттық «Талдау» жүйесі](#)

Жауапты шығарушы:

Халық статистикасы
департаменті

Департамент директоры:

Н. Ханжігітов
Тел. +7 7172 749061

Орындаушы:

Ж. Айдарбекова
Тел. +7 7172 749540
E-mail: zhu.aidarbekova@aspire.gov.kz

Мекенжайы:

010000, Астана қ.
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
